



Жаңалық (/News) Мақала (/Articles) Фото (/Photo-News)
Инфографика (/Tag/Infografika) Видео (/Video-News) PDF (/List)

ҚАЗАҚСТАН

FREEDOM BROKER

Freedom Finance Global PLC «Астана» халықаралық қаржы орталығында (АХКО), Қазақстанда тіркелген. Компания 2025 жылғы 23 қаңтардан бастап бағалы қағаздар нарығында брокерлік (агенттік) қызметтерді көрсетеді. Лицензия АРСА-А-ЛА-2020-0019, берілген АРСА АИФС тарапынан. Бағалы қағаздарға және басқа да қаржы құралдарына инвестициялау арқашан қалыпталды жоғалту қаупімен байланысты. Бұл материал жарнамалық ұсыныс болып табылады (Financial Promotion). Өткен кезеңдегі инвестициялық табыстар болашақ кірістерге кепілдік бермейді. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, Компания болашақта инвестициялардың кірістілігіне кепілдік бермейді және уәде етпейді. ықтимал инвестициялардың сенімділігі мен олардың табыстылығының тұрақтылығына кепілдік бермейді. Бағалы қағаздар нарығына инвестициялау тәуекелдері туралы толығырақ ақпаратты Freedom Finance Global PLC жария компаниясының бағалы қағаздар нарығында брокерлік (агенттік) қызметтер көрсету регламентіне №4 қосымшасынан біле аласыз. Құжат Компанияның ресми сайтында жарияланған: <https://ffin.global/>

(https://fbroker.kz/?utm_source=Egemen.kz&utm_medium=banner&utm_campaign=PR_2025)

Абай • 07 Тамыз, 2025

Баламасы жоқ баянды байлық

242 рет
көрсетілді

13 мин
оқу үшін

(<https://www.facebook.com/sharer.php?u=https://egemen.kz/article/392768-balamasy-dgoq-bayandy-baylyq>) (<http://vk.com/share.php?url=https://egemen.kz/article/392768-balamasy-dgoq-bayandy-baylyq>) (<https://twitter.com/share?url=https://egemen.kz/article/392768-balamasy-dgoq-bayandy-baylyq&text=Баламасы жоқ баянды байлық&via=egemenkz>) (<https://api.whatsapp.com/send?text=https://egemen.kz/article/392768-balamasy-dgoq-bayandy-baylyq>) (<https://t.me/share/url?url=https://egemen.kz/article/392768-balamasy-dgoq-bayandy-baylyq>)

Абай мұрасы ұлтпен бірге жасай береді. Әр буынның міндеті – ақын шығармаларының мазмұны мен мағынасын, көркемдік әлемін білумен бірге даналық ілімін меңгермекке бағытталуы керек. Өйткені Абайдың ақыл-ой байлығынан туған қасиетті рухани құндылықтар оның ілімінде сақталған.


Egemen Qazaqstan
(/author/1-egemen-qazaqstan)



Абай ілімінің жүйесін, іргелі ұстанымдарын, құрамдас бөлімдерін, бастау көздерін, басты категорияларын білу, түсіну және өмірде қолдану – қоғамдық сана жаңаруының, зияткерлік әлеуетімізді арттырудың басты тетігі. Абайдың ілімін білудің, түсінудің, өмірде қолданудың әлеуметтік маңызы өлшеусіз зор.

Соңғы жаңалықтар

 870-тен астам су ныс мемлекет меншігіне алынды (/article/3931276) • Қазақстан • Бүгін, 09:4

 Қазақстанда Starlink спутниктік интернеті түрде іске қосылды • Технология • Бүгін, 09

 Кернеулі тоқтың тілі тапқан маман (/article/393082-kerneuili-toqti-tili-tapkan-maman) • Жұмысшы мамандықтары • Бүгін, 09:00

 Цифрлық штаб қызм бастайды (/article/393251rflyq-shtab-qyzmet) • Үкімет • Бүгін, 09:00

 Жаңа оқу жылына дайындық: нақты міндеттер айқындалды • Үкімет • Бүгін, 08:55

 Қоғам сенімін күшей маңызы (/article/3931qogham-senimin-kust) • Құқық • Бүгін, 08:50

Ақынның шығармашылық даралығы мен даналығының мәні халықтығында. Халық өмірінің шындығын ашып суреттеуде Абай көркемдік-эстетикалық ойлау кеңістігінің бұрын-соңды ешбір ақын шығып көрмеген шырқау биігінде самғады. Сол биікте халықтың өткен шағының тарихы мен тағылымын пайымдады, өз тұсындағы мұңы мен мұқтажын толғады, алдағы арманы мен үмітін жырлады, дәстүрлі мәдениетінің нұрын таратты, дәстүрлі дүниетанымының шырағын жақты.

Онда теңдесі жоқ терең таным байлығынан туған, ерекше дараланған екі бейне бар: бірі – халық бейнесі, екіншісі – ақынның өз бейнесі. Екі бейненің де мазмұны бай, мәні терең. Абай мұрасының халықтығы осы байлық пен осы тереңдікте ашылады. Бұл байлық ашылған сайын тасиды, бұл тереңдік бойлаған сайын тереңдейді. Мұндай қасиет біздің санамыздан тыс тұрған болмысқа ғана тән. Абайдың байтақ шығармашылық әлемі, ілімі өзінің баламасыз байлығымен, бойлау бермейтін тереңдігімен осы болмыстың өзіндей биік көрінеді.

Абай халқының игілігіне сыры мен қыры толық ашылып бітпейтін қисапсыз мол көркемдік-эстетикалық қазына, теңіздей тебіреніп жатқан тереңіне қанша бойлағанмен, түбіне жетіп болмайтын ақыл-ой байлығын қалдырды. Мұндай көркемдік-эстетикалық қазына мен мұндай ақыл-ой байлығының қасиетін танып, қадірін білу туралы айтқанымызбен, қандай да бір нақты ғылыми-шығармашылық нәтижеге қол жеткізетін тиянақты іс бітіру оңай емес.

«Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын

Қазақтың келістірер қай баласы?»

дегенде, өлең сөздің поэтикалық табиғаты туралы көркемдік-эстетикалық биік көзқарасын аңғартады. Өлеңнің ішкі байлығына, сыртқы ажарына қатысты талаптарын танытып, әдеби шығарма мазмұны мен пішінінің бірлігі жайында терең теориялық қағида тудырады. Ақынның «сөз жақсысы» туралы ойлары үлкен ғылыми пайымдауларға негіз болатын құнды қағидалар қатарымен маңызды.

«Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы»,

деп, өлең сөздің қасиеті туралы қағидаларын нақты үлгіде ұсынады. Ой анық, пікір айқын, негізді, дәйекті.

Өлеңді сөз патшасы ретінде бағалау қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясында Абайдан басталады. Сөз өнерінің асыл үлгісіне, әдеби тілге қоятын талаптары мен қағидаларын ғылымның қазіргі таңдағы өлшем биігінде зерттеу – гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғалымдарымыздың алдында тұрған өзекті міндеттердің бірі.

Хакім шығармашылығы айрықша сыншылдық сарынымен сараланады. Ақынның сыншылдығы, сыны туралы айтқанда, мына жайға назар аудару дұрыс деп білеміз: Абай сынаған қоғам, Абай сынаған адам, Абай сынаған заман – бәрі де бодандық бұғауында еді. Ақын қоғамның бодандық бұғауында қалыптасқан болмысын сынады, адамның бодандық бұғауында қалыптасқан мінезі мен істеген ісін сынады, заманның бодандық бұғауында пайда болған ахуалын сынады. Абайдың сыны мен сыншылдығының, сатирасының өзегіндегі осындай сырды дұрыс түсінуіміз керек.

Болыс болдым, мінекей,

Бар малымды шығындап, –

деп болыс болған адамның сынын айтса, оның өзі бодандық жағдайындағы елді құрсауында ұстап отырған империялық биліктің салдарымен сабақтасып жатыр. Абай болыс болған замандасына сын айта отырып, оған болыстық билікті беруші отаршы империяның бодан халықты билеп-төстеу жүйесін сынайды. Бұл мәселе күні бүгінге дейін толық зерттелген емес, бірақ оны ғылыми негізде қазіргі заман ғылымының методологиялық жетістіктері деңгейінде қарастырып, лайықты бағасын берудің өзектілігі күн сайын арта түсуде.

Ақын:

«Әділеттік, арлылық, махаббат пен –

Үш жолдасың қабірден әрі өткенде», дейді. Ақынның ұсынып отырған насихаты бойынша, әділеттік, арлылық, махаббат үшеуін адам тірісінде жолдас етеді, олардан адасып қалмаған немесе оларды адастырып тастап кетпеген адам қабірде де осы үшеуінің достығын көреді. Адам баласының бойында осы қасиеттердің бірі болмаған жерде қалған екеуі де қалмайды.

Түрік халықтарының дәстүрлі дүниетанымында адам әділеттік, арлылық, махаббат үшеуінің жолдастығына ақыретте де мұқтаж болады. Адам баласы қабірден әрі өтіп, жаратушы алдында жауап бергенде, оның тіршілікте жасаған абзал істеріне осы үшеуі куәлік етіп, жолдастығын көрсетеді. Ақынның осы бір-ауыз сөзінің түпкі мәнісінен түрік халықтарының дәстүрлі дүниетанымына тән көзқарастың нұры таралады. Адамзатқа әділеттікті, арлылық пен махаббатты насихаттағанда, осындай абзал қасиеттердің нәрін халықтың дәстүрлі дүниетанымына сүйеніп сіңіруді көздеген.

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Және Хақ жолы осы деп әділетті»,

деген төрт жолда аяулы ақынның абзал мұраты, өмірлік кредосы, қазақ халқының ғана емес, адамзаттың бәрінің данасы, асқан ойшылы, гуманист-философы екені көрініп тұр. Қазақтың ұлы ойшылының тағылымы мол ілімі мен білімі, әрісін айтқанда, пайғамбардан, берісі түгел түркі жұртының пірі саналатын Қожа Ахмет Ясауиден бастау алады. Оның даналығы, терең ойшылдығы түрік ақыны Юнус Эмремен, әзербайжан ақыны Несимимен үндеседі.

Әлем халықтарының ынтымағы мен бірлігін көздейтін кез келген халықаралық ұйымның, әлем бедерінде бейбітшілікті насихаттаумен айналысатын дүние жүзіне ортақ қоғамдық мекемелердің айнымас ұраны осы емес пе? Мұндай асыл ойдың негізі адамзатқа күн көзіндей нұр беретін ілім жүйесінде ғана болады. Абай – көкірегінен күн көзіндей нұр таратқан ілімі бар тұлға.

Фараби университетінде «Абайдың кісілік кодексі» жасалып, оған ақынның осы даналық сөзі он тоғыз баптың бірі болып енді.

«Абайдың кісілік кодексі» – Фараби университетінің зияткерлік асыл құндылықтарының бірі. Кодексте ел үшін, елдің өсер өркені үшін өмірлік маңызы зор ақыл-ой кені ашылған. Ол студенттердің жатақханадан оқу ғимараттарына келетін, оқу ғимараттарынан жатақханаға баратын гүл ашқан жолы бойында екі баннерге орналастырылған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ақынның шығармашылық мұрасын зерттеу, насихаттау, білім алушылардың игілігіне пайдалану бағытында көптеген игі істер атқарылып жатыр. ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты хакім еңбектерін және абайтану бойынша зерттеулерді білім алушылар мен оқытушы-профессорлардың, ғылыми қауымның, көпшіліктің игілігіне ұсыну мақсатында нақты және игілікті жұмыстар жүргізіп келеді. Атқарылған жұмыс нәтижелерінің дені Абай институтының сайтында жарияланып, Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасы, ілімі туралы қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ақпараттардың мол қоры жасалды. Абай институты абайтану тарихында алғаш рет «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдық басылымының 50 томын дайындап, «Қазақ университеті» баспасынан жарыққа шығарды.

Біз «Абайтану антологиясы» атты 10 томдық іргелі ғылыми басылымды даярлап, жарыққа шығардық. Алғашқы том Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Абай туралы мақаласымен ашылған. Еңбекті Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты әзірлеп, «Қазақ университеті» баспасы шығарған елу томдық «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдық сериялық басылымымен үйлестірді.

«Абай институтының еңбектері» және «Абай институтының е-басылымдары» атты көптомдық екі сериялық басылым жарық көріп, білім алушыларға ұсынылды. Осы басылымдар негізінде отыздан астам кітап жарық көрді. Сонымен қатар Абай институтының «Ғылым таппай мақтанба» тақырыбында тұрақты жұмыс жасайтын бейнехабарлар сериясының танымдық, тәрбиелік мәнінің зор екенін атап өткен орынды.

Абайдың шығармашылық мұрасы мен ілімін зерттеу, насихаттау саласында жасалған жұмыстардың нәтижелерін, мәдени-ақпараттық, оқу-әдістемелік және ғылыми құндылықтар қорын толық қамтитын «Абайтану антологиясы» атты е-ресурстар базасы жасалып, ол университет кітапханасының порталында орналастырылды. Университеттің аталған интеллектуалдық ресурстар базасы – әлеуметтік маңызы мен құндылығына әлемдік масштабта баға жетпейтін баянды рухани байлық.

«Абайтану антологиясы» интеллектуалдық ресурстар базасы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің қаулысымен өндіріске енгізілді. Ұлттық университеттің зияткерлік меншігіне айналған мұндай ұлттық сипаты қанық рухани байлық қазір осы университетте ғана бар. Айтылған жетістіктерге қоса аталуға лайықты тағы бір жай бар. Ол – Абай институтында «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдық сериялық басылымының кезекті елу томының е-басылым ретінде дайындалуы. Онда университеттің оқытушы-профессорларының, университет түлектерінің соны еңбектері жинақталған. Сондай-ақ Абай институтының «Адамзаттың Абайы» атты ұжымдық монографиясы, «Абай ғылыми-зерттеу институты» ғылыми-ақпараттық жинағы мен он бейнелекциясы да Абайдың 180 жылдық мерейтойы тұсында ақын мұрасын насихаттау өрісінің кеңеюіне қосылған елеулі үлес.

«Абай ілімі» оқу пәні Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жоғары білім беру бағдарламаларының бірінші тобындағы таңдау пәні ретінде 2021–2022 оқу жылынан бастап оқытылып келеді, сараптаудан толық өтті. Пән Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық ғылыми жобаларын орындау нәтижелері негізінде дайындалды. Оқу-әдістемелік тұрғыда толық қамтамасыз етілді. Пәннің мазмұнында Абай ілімінің басты ұстанымдары, құрамдас бөлімдері, бастау-көздері, құрылымдық модельдері

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Абайдың шығармашылық мұрасын, Абай ілімін зерттеу, насихаттау, қолдану нәтижелері негізінде жасалған зияткерлік ресурстар базасы – еліміздің қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі, абайтану тарихындағы баламасы жоқ баянды байлық.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті басқарма төрағасы-ректор

Жаңалықтарды Telegram каналымыздан оқыңыз (<https://t.me/egemengazagstan>).

(https://t.me/egemen_qazaqstan). (https://www.facebook.com/egemen_qazaqstan). (https://www.instagram.com/egemen_qazaqstan). (https://twitter.com/egemen_qazaqstan). (<https://www.youtube.com/channel/UC8Zpg9R2waHe&r=1>). (https://www.tiktok.com/@egemen_qazaqstan) жазылыңыз

<https://egemen.kz/article/392768-balamasy-dqog-bayandy-baylyq>